

Ы.М. Палтөре*, **Ф.Т. Жумажанова**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: yktyiar@inbox.ru

ӘЛ-ФАРАБИДЫҢ «КИТАБУЛ-ХУРУФ» АТТЫ ТРАКТАТЫ ЖАЙЛЫ

Әл-Фарабидың «Китабул-хуруф» (Әріптер кітабы) атты трактаты жайлы сөз болады. Трактаттың қолжазбасы, оның кітап болып басылуы жайында баяндалады. Әл-Фарабидің трактаттары арасында «Китабул-хуруф» (Әріптер кітабы) кітабы ерекше орын алады. Бұл көлемі бойынша қомақты, мазмұны бойынша жан-жақты трактат болып есептеледі. «Китабул-хуруф» трактаты үш ірі бөлімнен тұрады. Әр бөлімде түрлі тақырыптар қамтылған. Мысалы, метафизика және оның санаттары, тілдің философиялық проблематикасы және тілге қатысты түрлі тақырыптар талқыға түседі. М.Маһди әл-Фарабидің «Китабул-хуруф» (Әріптер кітабы) трактатын Аристотельдің «Метафизикасының» түсініктемесі деп танып, оны жан-жақты, көп салалы еңбек деп санайды. Әл-Фараби шығармашылығын зерттеу аясының кеңейе түсуінің нәтижесінде, сондай-ақ «Әріптер кітабы» трактатының аударылуына байланысты оның тақырыбы – тек метафизика ғана емес, сондай-ақ әл-Фарабидың басқа шығармаларында әлі де қозғалмаған тың тақырыптар келетіндігіне сүйене отырып, оның тақырып аясына қайта өңдеу жүргізілетіні сөзсіз. Нақтырақ айтсақ, әл-Фараби өзінің бұл трактатында метафизикамен қатар тілдің пайда болу проблемасын, әрі оның дамуын, тілдің ғылымдармен байланысын, философияны, дінді және силлогистикалық өнерді түсінуге байланысты ғылыми терминдердің пайда болуын жан-жақты қамтиды. Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидың «Китабул-хуруф» атты трактатында көтерілген мәселелер туралы сөз болады.

Түйін **сөздер**: Әл-Фараби, қолжазба, китабул-хуруф, аударма.

Y. Paltore, F.T. Zhumazhanova
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: yktyiar@inbox.ru

About the treatise of al-Farabi «Kitabul-Khuruf»

Al-Farabi's treatise «Kitabul-Khuruf» («Book of Letters») is mentioned. The manuscript of the treatise tells about its publication in the form of a book. Among the treatises of Al-Farabi, a special place is occupied by the book «Kitabul-Khuruf» («Book of Letters»). This is a large and exhaustive treatise in terms of content. The treatise «Kitabul-Khuruf» («Book of Letters») consists of three major sections. Each section covers different topics. For example, metaphysics and its categories, philosophical problems of language and various topics related to language are discussed. According to M. Mahdi, Al-Farabi's treatise «Kitabul-Khuruf» («Book of Letters») is recognized as an explanation of Aristotle's «Metaphysics» and is considered as a comprehensive, interdisciplinary work. As a result of the expansion of the field of study of Al-Farabi's work, as well as in connection with the translation of the treatise «The Book of Letters», its theme is not only metaphysics, but also, based on the fact that new topics that have not yet been touched upon appear in other works of Al-Farabi, its processing into the subject area will undoubtedly be carried out. In particular, in this treatise, Al-Farabi, along with metaphysics, comprehensively covers the problem of the origin of language, its development, the connection of language with the sciences, the emergence of scientific terms related to the understanding of philosophy, religion and syllogistic art. The article deals with the issues raised in the treatise of Abu Nasyr al-Farabi «Kitabul-Khuruf» («Book of Letters»).

Keywords: al-Farabi, manuscript, Book of Letters, Book of Particles, translation.

Ы.М. Палтөре, Ф.Т. Жумажанова
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы
*e-mail: yktyiar@inbox.ru

О трактате аль-Фараби «Китабул-Хуруф»

В статье упоминается трактат аль-Фараби «Китабул-хуруф» («Книга букв»). В рукописи трактата рассказывается о его издании в виде книги. Среди трактатов Аль-Фараби особое место занимает книга «Китабул-хуруф» (Книга писем). Это большой по объему и исчерпывающий

по содержанию трактат. Трактат «Китабул-Хуруф» («Книга писем») состоит из трех крупных разделов. Каждый раздел охватывает различные темы. Например, обсуждаются метафизика и ее категории, философские проблемы языка и различные темы, связанные с языком. По мнению М. Махди, трактат Аль-Фараби «Китабул-хуруф» (книга букв) признан объяснением «метафизики» Аристотеля и рассматривается как всеобъемлющий, междисциплинарный труд. В результате расширения сферы изучения творчества Аль-Фараби, а также в связи с переводом трактата «Книга букв», его тема-не только метафизика, но и, исходя из того, что в других произведениях Аль – Фараби появляются еще не затронутые новые темы, несомненно, будет проведена его переработка в предметную область. В частности, в этом трактате Аль-Фараби наряду с метафизикой всесторонне освещает проблему происхождения языка, его развития, связи языка с науками, появления научных терминов, связанных с пониманием философии, религии и силлогистического искусства. В статье рассматриваются вопросы, поднятые в трактате Абу Насыра аль-Фараби «Китаб ал-Хуруф».

Ключевые слова: аль-Фараби, рукопись, китабул-хуруф, перевод.

Кіріспе

Тақырыпты таңдауды дәйектеу, мақсаты мен міндеттері

Әбу Насыр әл-Фараби өзі өмір сүрген сонау ортағасырларда күллі адамзат баласының игілігін көздеп, олардың бақытты өмір сүруін қалады. Осы ұлы мақсатқа қол жеткізу үшін бақытқа жеткізудің жолын көрсетіп, адам баласының игеруі тиіс ғылым салаларының классификациясын жасады. Логика, математика, арифметика, геометрия, оптика, физика, музыка, метафизика, діни ілімдер сияқты тағы басқа ғылым салаларын бірін-бірімен байланыстырып, сабақтастыра қарастырды. Философияны үйренуден бұрын нені білу керектігі туралы да арнайы трактат¹ жазды. Барша азамат баласының мұң-мұқтажын қанағаттандырып, өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыру бағытында тың идеялар ұсынды. Біз мұны «*Мәбәди ара әһл әл-мадина әл-фадилә уа мудадаутиһә*» (Қайырымды, ізгі қала тұрғындарының көзқарастары және оның қарағарлары) атты трактатынан айқын көре аламыз. Бұл трактатында дүниедегі заттардың сатыларынан бастап, адам мәселесі,² оның ақыл-ойы, қоғамдағы әлеуметтік-этикалық құндылықтар мәселесі, ерік пен таңдау, адам баласының ұжымдасуы мен өзара бірін-біріне көмектесудің қажеттілігі туралы өзекті мәселелер талқыға түсті.

«Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті

үлес қосқан. Сондай-ақ ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Әбу Насыр – халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойын терең бағалаған кемеңгер»³ ғұлама, бір туар ірі фәлсафашы болатын. «Фәлсафашы» деуіміздің де астарында терең ой жатыр. Бұл туралы құрметті ұстазымыз, академик Ғ.Есім өзінің «Дүниетаным баяны»⁴ атты кітабында: «...Фәлсафа деген философияны арабшалағаннан шыққанымен мазмұны жағынан жақындаспайтыны бар. Әрине, әмбебеп ұғым, түсініктер екеуіне де ортақ. Ал мағыналық жағынан түсінуге келгенде олар өзгеше. Философия Грек, Рим замандарынан басталып, әсіресе, Еуропаның жаңа заманы (XV ғ.) таза христиандық ойлау жүйесі болып, толығы берді... Фәлсафа – мұсылман мәдениетінің туындысы. Бұл мұсылман елдерінің ойшылдарына тән дүниетаным. Фәлсәфа ілімінің қандай өкілі болсын, мұсылмандыққа қарсы шықпаған, қайта, керісінше, әлемдік мәдениет үлгілерін, баршама ғұғамалар еңбектерін мұсылмандық дүниетаным тұрғысынан қабылдап, соған қарай бейімдеген. Фәлсәфаның осы ерекшелігі кезінде христиан ойшылдарының ашу-ызасын туғызғаны да шындық», – деп жазған болатын. Шынында да Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз өз шығармаларын мұсылмандық дүниетаным аясында ақыл таразысына салып, өзіне дейінгі философтардың еңбектеріне сыни көзбен қарай білді. «...Ол Аристотельдің логикалық, жаратылыстану-ғылыми және этикалық еңбектеріне,

¹ كتاب ما بيني أن يقدم قبل تعلم فلسفة أرسطو تصنيف محمد بن محمد الفارابي

² Ы.М. Палтөре. Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары атты еңбегіндегі адам мәселесінің діни мәтіндермен сабақтастығы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. Шығыстану сериясы. №1 (88) 2019 ж.

<https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/1317/1102>

³ Ә. Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары (Тарихи-филологиялық зерттеу). Алматы «Рауан» 1995 ж.

⁴ 2020 жылы «Дәуір» баспасынан жарық көрген.

Платонның, Евклидтің еңбектерін, Птолемейдің «Алмагестіне», Александр Афродезияның «Жан туралы» және т.б. еңбектеріне түсініктеме берді. Бірақ әл-Фарабидің түсініктемелері басқа авторлардың мәтініне жай ғана түсіндірмелер немесе ескертулер емес еді. Оларды түпнұсқа туындылар ретінде қарастыру керек... әл-Фарабидың ортағасырлық философия мен жаратылыстанудың өзекті мәселелеріне арналған төл еңбектерін мазмұнына қарай бірнеше топқа бөлуге болады: ортағасырлық ғылымның салалары мен бағыттары бойынша, жалпы философиялық мәселелер мен логика, математика және жаратылыстану ғылымы, мемлекеттану және тағы да басқа әлеуметтік-саяси мәселелер филология, поэтика және т.б. Ол орта ғасырлардағы жаратылыстану және гуманитарлық білімнің барлық салаларын дерлік қамтитын 160-тан астам трактат жазды»⁵. Бізге мұра ретінде жетіп отырған трактаттарының ішінде «Музыка туралы үлкен кітап – كتاب الموسيقى الكبير» атты өте көлемді трактаты оны өз заманында танымал етті. Музыка ғылымына жан-жақты терең зерттеу жүргізе отырып өзіндік сара жол салды. Осы трактаттың кіріспесінде: «...Мұнда осы (негіздердің) басын тануға алып баратын жол яки болмаса осы жолға бастайтын бағыт жоқ, не ертедегі адамдардың бізге түсіндіріп қалдырған ұстанымдары жоқ, не оларға немесе олардың артынан ілескен кейінгілердің нұсқауы жоқ. (Сондықтан) біз бастапқыда осы өнердің негіздерін игеруге септігі тиетін және соларға алып баратын кейбір мәселелерді сөз қылуды дұрыс деп таптық. Бұған қоса бұл өнердің негіздері анықталмайынша оның салдарын білу мүмкін емес болғандықтан біз мұның негізін білген соң ұстануымыз қажет әдісті түсіндіреміз...»⁶, – деп жазады. Яғни бұрын-соңды осы музыка саласында егжей-тегжейлі жазылған терең зерттеу еңбектің жоқ екендігін анықтап алған соң ғана осы салада арнайы еңбек жазуға кіріскендігін аңғарамыз.

«Әбу Насыр әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабында» қойған міндеттері төмендегідей болатын:

- әртүрлі музыка теорияларын сыни талдап, пайымдау;
- олардың гуманистік және коммуникативтік мағыналарын айқындай отырып, осы теориялардың мазмұны мен мағынасын ашып көрсету;
- музыка құбылысының мәні мен пәнін ашып беру және оның ерекшелігін анықтау;
- музыканың онтологиялық мәртебесін анықтау;
- музыканың гносеологиялық мәртебесін анықтау;
- музыкадағы еліктеу категориясының маңызын айқындау;
- музыка құбылысының композитор мен тыңдаушының шығармашылық қызметі арқылы ашып көрсету;
- музыканың маңызын адамның өзіндік жетілуі мен кемелденуі үшін маңызын түсіндіру және анықтау.

Музыка құбылысына философиялық рефлексия жасай отырып, Әбу Насыр әл-Фараби оның арнайы философиялық астарын көрсетуге ұмтылды»⁷.

Бұл негізі өте маңызды мәселе. Бірақ көп жағдайда әл-Фараби трактаттарының жазылу мақсаты мен міндеті, әдістемесі, жазылған уақыты, тіпті трактаттың атауы анық көрсетілмейтіндігі өз алдына бөлек тақырып. Десек те «Музыка туралы үлкен кітап – كتاب الموسيقى الكبير» атты трактатты әл-Фарабидың келесі бір «*Китабул-хуруф* – كتاب الحروف» («Әріптер» кітабы) атты трактатының мән-мазмұнымен сабақтастырып қарастыруға болады. Себебі атауының өзі айтып тұрғандай «әріптер» дыбыстың қағаз бетіне түскен таңбасы екендігін ескерсек, үн, дыбыс әрі мұның таңбалануы арасындағы айырмашылық пен ерекшелікті, бұған қоса араб тілінде сөйлем ішінде белгілі бір мағына бере алатын әріптердің болатынын да еске салу орынды.

Негізі «...ислам музыкасының феномені тіл құбылысымен байланысты. Бұл мәселелер Әбу Насыр әл-Фарабидің «Әл-Харуф кітабында» айтылады, ал «Музыка туралы үлкен кітабында» вербальді емес музыкалық мағынаны арабтың вербальді тілдік мағынасымен байланысын

⁵ М.М.Хайруллаев «Фараби – крупнейший мыслитель средневековья», издательство «Фан», Ташкент – 1973, стр 15-16

⁶ Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2018. – 936 б. (352 б.)

⁷ Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2018. – 936 б. (332-333 бб.)

ашады. Бүгінгі таңда қайта түленген философиялық және теологиялық мәтіндер компаративистикасы әртүрлі музыкалық теориялардың логикалық мағыналарын анықтауға мүмкіндіктер береді. Бір кезде Германияда қалыптасқан атақты бағыт – салыстырмалы музыкатану (*die vergleichende Musikwissenschaft*) Әбу Насыр әл-Фарабиді орта ғасырлардағы салыстырмалы музыкатанудың осы мәселелерін айқындаған және қарастырған ғалым деп есептейміз. Музыканың мағынасын аша отырып, ол оның математика тілімен, Құран тілімен және халықтар тілімен байланысы бар екенін анықтады. Музыканың терең құрылымын ол Құдайдың таухидтігін айғақтаған Құран мәтінінен көреді. Музыканың вербальдануы ғибадат етуде, Құранды әнде оқуда жүзеге асады. Әл-Фараби құрандық мәтінде Сөзге үлкен мағына берілетіндігін байқайды, сондықтан Сөз үйлесімді айтылған сайын біртұтас мағынаға үндес келеді...»⁸ деген тұжырымды ойды алға тартады.

Әл-Фараби «*Китабул-хуруф* – *كتاب الحروف*» трактаты көлемі, көтерген тақырыбы, сондай-ақ Аристотельдің метафизикасымен байланысы тұрғысынан өте маңызды. Осы тұста бұл трактат қазіргі кезде қазақ тілді оқырманға түпнұсқадан емес, орыс тілінен аударма арқылы жетіп отырғандығын, әрі жан-жақты кең көлемді талқыға түсе қоймаған трактат екендігін ашық айтуымыз қажет. Осыған байланысты бұл трактаттың түпнұсқасы, оның мазмұны мен құрылымы жайында арнайы ғылыми талдау мақала жариялауды орынды деп есептейміз.

Ғылыми зерттеу методологиясы

Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактатында көтерілген мәселелер туралы сөз болады. Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактатының қолжазбасы, оның кітап болып басылуы, қолданылу дәйектемелері талдауға түседі. Сонымен қатар, зерттеу барысында шетелдік және отандық зерттеушілердің тақы-

рыпқа қатысты пікірлері авторлардың еңбектерінде ғылыми негіз және дереккөзі ретінде келтірілген. Мәтіндер герменевтикалық және салыстырмалы, стилистикалық зерттеу әдістерімен талданады.

Нәтижелер және талқылаулар

Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «*Китабул-хуруф*» (Өріптер кітабы) атты трактатты сонау ортағасырлық библиографиялық дереккөздерде аты аталады. Тіпті 1445-1505 жылдары өмір сүрген мысырлық атақты ғалым Абдурахман Жәләлуддин әс-Суютидың⁹ «*әл-Музһир фи улумул-луға уа әнуаһһә*» (المزهل في علوم اللغة وأنواعها لعامة عبد الرحمن جلال الدين السيوطي) деп аталатын кітабында: «Әбу Насыр әл-Фараби «*әл-әлфаз уал хуруф*» деп аталатын кітабының басында былай дейді»¹⁰, – деп, әл-Фарабидың айтқан сөзін дәйек ретінде келтірген. Байқап отырғанымыздай, бұл трактаттың әл-Фарабиге тиесілі екендігі талас тудырмайды. Тек осы трактаттың атауына қатысты жазба деректерде айырмашылық бар.

Әбу Насыр әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактатының қолжазба нұсқасы Ирандағы Аллама Сейид Мухаммад Мешкуһ (مكتبة العلامة سيد محمد مشکوة) кітапханасында (Мешкуһ – مشکوة №339 нөмерімен) сақталған. Кейіннен коллекция иегері (Мешкуһ) өзі жинаған қолжазба мұраларды Тегеран университетіндегі орталық кітапханаға сыйға тартқан. 1953 жылы бұл қолжазбаларды доктор Мухаммад Тақи Данешпажух (محمد تقی دانش پژوه) «Сейид Мухаммад Мешкуһ мырзаның Тегеран университетінің кітапханасына сыйға тартқан кітаптарының тізімі – فهرست کتابخانه اهدائی آقای سيد محمد مشکوة به «کتابخانه دانشگاه تهران» деген атпен парсы тілінде каталогын әзірлеп, басып шығарады. Осы каталогтың 3 томында¹¹ «*Китабул-хуруф*» туралы ақпараттар берілген.

Әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактатын фарабитанушы ирақтың ғалым Мухсин Маһди (1924-2007жж)¹² біз сөз етіп отырған осы жалғыз қолжазба нұсқадан оқып, оған алғысөз

⁸ Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2018. – 936 б. (343 б.)

⁹ Толық аты-жөні: Әбул-Фадл Жәләлуддин Абдурахман бин Әбу Бәкр бин Мухаммед бин Әбу Бәкр әс-Суюти. Танымалы мужтаһид дәрежесіндегі шафиғи


мазһабының аса көрнекті ғұлама-ғалымы. Араб тілінде көптеген еңбек жазып қалдырған.

¹⁰ وقال أبو نصر الفارابي في أول كتابه المسمى "بالألفاظ والحروف": كانت قريش أجود العرب انتقادا... ص 211


¹¹ فهرست کتابخانه اهدائی آقای سيد محمد مشکوة به کتابخانه دانشگاه تهران/ج.3، ق. 1. کتابهای فلسفی، عرفانی و کلامی

¹² <https://www.marefa.org>

бен түсініктемелер беріп, оны 1969 жылы араб тілінде кітап етіп басып шығарған. Қазір әл-Фараби мұрасын зерттеуші барлық ғалымдар осы басылым нұсқаны басшылыққа алады. Осы кітабының 49-50 беттерінде М.Маһди: «1965 жылдың көктемінде ирандық Мешкуһ ғұламамен кездескенін, «*Китабул-хуруф*» трактатының Исфахан университетінің әдебиет факультеті кітапханасында тағы бір қолжазба нұсқасы бар екендігі туралы ақпаратқа сәйкес ол кітапханаға арнайы барғандығын, бірақ оны таба алмағандығын жазған. Сондықтан қазір әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» трактатының бір ғана нұсқасы бар деп есептеледі. Осы орайда, әл-Фараби трактаттарын ғылыми айналымға енгізуде ирактың ғалым М.Маһдидің ерен еңбегі бар екендігін ерекше айтымыз қажет. «*Китабул-хуруф*» трактатын қолжазбадан оқып, оны басып шығару да оңайға соқпағаны жайында аталмыш басылым кітаптың 51-53 беттерінде айтқан. Қазір біздің қолымызда бұған бөлек әл-Фараби мұраларын зерттеуші ирандық фарабитанушы ғалым, доктор Қасым Пурхасан (دكتور قاسم پورحسن) ұстаздың «Фараби және әл-Хуруф: әл-Фарабидің философиялық лингвистикалық ой толғауларына талдау – فارابی و الحروف؛ جستاری در تأملات زبانی فلسفی – فارابی» атты тақырыпта парсы тілінде жазған көлемді талдау еңбегі бар¹³. Бұл еңбекте ирандық фарабитанушы ғалым ақыл мен дін түсінік мәселесін және олардың өзара байланысын философиялық тұрғыдан талдай отырып, қоғамда ақылға мән берудің маңыздылығына баса назар аудартады. Доктор Қасым Пурхасан: «...Неліктен әл-Фараби философ ретінде тілді талқылап, сөздер мен тіл мен сөздердің шығу тегі туралы, тіпті фонетиканың нақты мәселесі мен әріптердің құны туралы егжей-тегжейлі түсіндірді? Тіл негіздеріне назар аудару философиялық міндет пе, ал философ тарихи үдерістегі және қоғамдар арасындағы тілдік дамуға жауапты ма?» деп нақты сұрақтарды қоя отырып, «...бұл сұрақтың басты және негізгі жауабы: Фараби лексикография мен сөз бен мағына мәселесінен және сөздегі мағынаның қалай көрінетінінен сөйлеу мен логика, дұрыс пен бұрыс, ақыл мен парасат мәселесіне және тілдің үш саласының ішінен шығады...



Фараби логиканың парасат пен парасаттылыққа қатынасы синтаксистің сөз бен тілге қатынасы бірдей деп атап көрсетеді. Матай бин Юнус пен Әбу Саид әс-Сирафи (متى بن یونس و أبوسعید السیرافی) арасындағы пікірталас және Әбу Саидтың тіл мен логика арасындағы байланысты жокқа шығаруы Фарабидің тіл білімі саласындағы ізбасарлары үшін қосымша түрткі болған шығар, бірақ Фарабидің тіл туралы түбегейлі ой-пікірлері тарихи оқиғаға негізделмеуі керек¹⁴, -деген тұжырымды ой айтады. Жоғарыда айтылған ирактың ғалым М.Маһди баспаға әзірлеген «*Китабул-хуруф*» трактатының басылым кітабына әл-Фараби мұрасын зерттеуші ғалым ретінде өзіндік сыни пікір айтатын тұсы да бар. Бұл мәселе туралы сөз ету бізді мақала тақырыбы аясынан ұзақтатып жіберетіндіктен қазірше ол туралы сөз етпейміз.



¹³ <https://ketabnews.com/news>. Бұл кітап 2016 жылы «Садра Ислам хикметі» қорының баспасынан басылып шыққан.

¹⁴ <https://saednews.com/fa/post/farabi-from-linguistics-to-philosophy-of-language-dr-pourhassan>

Қорытынды

Әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактаты кіріспеден және үш үлкен тараудан, отыз үш бөлімнен тұрады. Бұл трактатты түпнұсқадан орыс тіліне аударған отандық ғалым К.Х. Таджикова: «Әбу Насыр әл-Фараби Аристотельдің ізбасары және оның философиялық еңбектеріне түсініктемелер жасай отырып, трактаттарын жазғанда әрдайым ұстазының әдістерін пайдаланды. Бұл шығармалардың атауларына, олардың құрылымына, еңбектерде қарастырылған мәселелерге және даулы мәселелерді талқылау және дәлелдеу тәсілдеріне де қатысты.

Осы айтылғандардың жарқын көрінісі ретінде Әбу Насыр әл-Фарабидің «Әріптер кітабы» трактатын және Аристотельдің «*Метафизикасына*» түсініктемені алуға болады. Әл-Фараби дәл Аристотель сияқты метафизиканың орталық мәселесін, болмыс пен таным ұғымдарының мәні туралы мәселені қарастырғанда, жеке антикалық ойшылдардың қарама-қайшы пікірлерін талдайды»¹⁵, – деген тұжырым жасайды.

Негізі «*Метафизика*» грек тіліндегі «*Meta ta physika* – физикадан кейін келетін» деген сөзден құралса, бұл сөзтіркес араб тілінде «*Мәә бағда ат-Табиға – ما بعد الطبيعة*» деп аталады. Яғни «табиғаттан, болмыс атаулыдан кейінгілер» деген мағынада. «...«*Метафизика*» («*Мәә бағда ат-Табиға – ما بعد الطبيعة*») терминін алғаш қолданған Аристотель...»¹⁶ деген пікір айтылады. Бірақ Аристотель өз еңбегін бұл атаумен атамаған. Оны «*бірінші философия*» деп атады. «*Метафизика*» атауының ғылыми айналымға

енуіне ежелгі грек философы Андроник Родосский¹⁷ себеп болған.¹⁸ Қалай болғанда да әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактатын Аристотельдің «*Метафизика*» туралы жазған еңбегімен сабақтастыра байланыстыруға болады. Бірақ, «Әл-Фараби – Аристотельдің ғылыми мұрасын жай насихаттаушы ғана емес, оны шығармашылықпен ілгері дамытқан, жаңа пікірлермен байытқан әмбебап ғалым»¹⁹ екендігін ерекше айта кету де орынды. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің трактатында кейде философиялық, ал кейде лингвистикалық тақырыптарды көтереді. Осылайша бір жағынан ғылыми тіл мен терминологияны, екінші жағынан, әсіресе логика мен илаһи философияны байланыстыруды мақсат тұтады. Бұған сол заманда орын алған грамматика мен тілді жақтаушылар, ал екінші жағынан логиканы жақтаушылар арасында болған пікірталастар себеп болған болса керек. Міне сондықтан да біз әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактаты мазмұнынан бір жағынан лингвистикалық аспекті мен екінші жағынан философиялық аспекті тұрғысына өзара байланыстар орнатуға ынталы екендігін аңғарамыз. Әсіресе діни түсініктер мен философияны үйлестіру мәселесі қарастырылған деуге болады.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу ҚР БЖҒМ-ның АР08857715 «Әл-Фараби трактаттарындағы теоллингвистикалық дискурс («Усул ылым ат-табиға», «Китабул-Ахлак» және «Китабул-Хуруф» еңбектері негізінде)» атты жоба аясында даярланды.

¹⁵ К.Х. Таджикова «Книга букв» аль-Фараби и проблема античной метафизики. Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. №1(54). 2011. стр.

¹⁶ Бұл мәлімет Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынды. <https://kk.wikipedia.org/wiki>

¹⁷ <https://ru.wikipedia.org/wiki>

¹⁸ Один из сборников был озаглавлен «Физика» (ta ϕ h ϕ sika = сочинения по физике, ph ϕ sis = природа). После этой ph ϕ sika он поместил трактат, касающийся того, что

Аристотель называл первичной философией. По-гречески слово «после» meta. Поэтому Андроник назвал эту работу так: ta meta ta ph ϕ sika = «сочинения, которые идут после сочинений по физике». <https://uch.click/zarubejnaya-filosofiya/metafizika.html>

¹⁹ Әбу Насыр әл-Фараби (870-950): Библиографиялық көрсеткіш/жалпы ред. басқ. Қ.Б. Жарықбаев; құраст.: Қ.Б. Жарықбаев, Г.С. Коурдакова, Б.Д. Дуйсекова. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 474 б. (8-бетте).

Әдебиеттер

- Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары (Тарихи-филологиялық зерттеу). Алматы «Рауан» 1995 ж. 2020 жылы «Дәуір» баспасынан жарық көрген.
- М.М.Хайруллаев «Фараби – крупнейший мыслитель средневековья», издательство «Фан», Ташкент – 1973, стр 15-16
- Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 2018. – 936 б. (352 б.)
- К.Х. Таджикова «Книга букв» аль-Фараби и проблема античной метафизики. Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. №1(54). 2011. стр.
- Әбу Насыр әл-Фараби (870-950): Библиографиялық көрсеткіш/жалпы ред. басқ. Қ.Б. Жарықбаев; құраст.: Қ.Б. Жарықбаев, Г.С. Коурдакова, Б.Д. Дуйсекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 474 б. (8-бетте).
- Nicholas Rescher. Al-Farabi: An Annotated Bibliography. Pittsburgh (University of Pittsburgh Press), 1962
- Ahmed Ateş. Fârâbî'nin Eserlerinin Bibliyografyası // TTK (Turk Tarih Kurumu) Belleten. – Istanbul, 1951. – XV / 57. – s. 175-192.
- Müjgân Cunbur. Fârâbî bibliyografyası: kitap-makale: doğumunun 1100üncü yıldönümü münasibetiyle. Istanbul: Başbakanlık Basımevi, 1973
- M. Steinschneider, Al-Fârâbî, des Arabischen Philosophen, Leben und Schriften, St. Pétersbourg, 1869
- Burabaev M.S. Outstanding thinker of the Middle Ages Abu Nasr al-Farabi // Al-Farabi. Selected treatises: translation from Arabic. – Almaty, 1994. -- S. 5-28.
- Tuleubaeva S.A. New trends in the study of the personality and heritage of al-Farabi in Kazakhstan // The quarterly international journal of social sciences "Karadeniz – Black Sea – Black Sea". – No. 4. – 2009. -- S. 96-102.
- Derbisali A. Contemporaries of al-Farabi and al-Mutanabbi // Kazakhstanskaya Pravda. – June 16, 2020 (<https://kazpravda.kz/articles/view/sovremenniki-al-farabi--i-al-mutanabbi> date accessed: August 15, 2020)
- Tuleubaeva S.A. The meaning of existence is to find happiness (electronic resource <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-warsaw/press/article/details/17733?lang=ru> date of treatment September 1, 2020)
- Tuleubaeva S.A. Modern state of Farabi studies abroad // Bulletin of Oriental Studies of Al-Farabi KazNU. – Almaty, 2015. – No. 1 (71) – P. 92-96
- Madkour J. La place d'al-Farabi dans l'ecole philosophique musulmane. P., 1934
- Madkur I. Abe Nasr al-Farabi fi zikra al-alfya li uafatihi (م أبو نصر الفارابي في الذكرى الألفية لوفاته 950 م) Cairo, 1983.
- Tuleubaeva S.A. Muhsin Mahdi and critical reflection on the legacy of al-Farabi // Collection of materials from the conference "Fundamental and innovative problems of oriental education and science." – Almaty, 2009. (electronic resource: <https://articlekz.com/article/4920> date accessed: August 26, 2020)

References

- A.Derbisaliyev (1995) Stars of the Kazakh steppe (Historical and philological research). Almaty "Rauan" Published by Daur Publishing House in 2020.
- Abu Nasir al-Farabi (2018) Good city. A book about music. // Socio-ethical treatises. – Almaty – 936 p. (P. 352)
- Abu Nasir al-Farabi (870-950): Bibliographic index / general ed. other K.B. Zharykbayev; Compiled by: K.B. Zharykbayev, GS Kourdakova, BD Duisekova. – Almaty: Kazakh University, 2012. – 474 p. (Page 8).Burabaev M.S. Outstanding thinker of the Middle Ages Abu Nasr al-Farabi // Al-Farabi. Selected treatises: translation from Arabic. – Almaty, 1994. -- S. 5-28.
- Ahmed Ateş (1951) Bibliography of Farabi's Works // TTK (Turk Tarih Kurumu) Belleten. – Istanbul. – XV / 57. – s. 175-192.
- Derbisali A. (2020) Contemporaries of al-Farabi and al-Mutanabbi // Kazakhstanskaya Pravda. – (<https://kazpravda.kz/articles/view/sovremenniki-al-farabi--i-al-mutanabbi> date accessed)
- K.H. Tajikova (2011) Al-Farabi's "Book of Letters" and the problem of ancient metaphysics. Bulletin of KazNU. Oriental Studies Series. №1 (54) p.
- Müjgan Cunbur (1973) Fârâbî bibliography: book-article: on the occasion of the 1100th anniversary of his birth. Istanbul: Prime Ministry Press.
- M. Steinschneider (1869) Al-Fârâbî, des Arabischen Philosophen, Leben und Schriften, St. Pétersbourg
- Madkour J.(1934) La place d'al-Farabi dans l'ecole philosophique musulmane. P.
- Madkur I. (1983) Abe Nasr al-Farabi fi zikra al-alfya li uafatihi (م أبو نصر الفارابي في الذكرى الألفية لوفاته 950 م) Cairo.

Nicholas Rescher (1962) . Al-Farabi: An Annotated Bibliography. Pittsburgh (University of Pittsburgh Press)
Tuleubaeva M.M. Khairullaev (1973) "Farabi – the largest thinker of the Middle Ages", publishing house "Fan", Tashkent, pp. 15-16

Tuleubaeva S.A. (2009) New trends in the study of the personality and heritage of al-Farabi in Kazakhstan // The quarterly international journal of social sciences "Karadeniz – Black Sea – Black Sea". – No. 4. S. 96-102.

Tuleubaeva S.A. (2015) Modern state of Farabi studies abroad // Bulletin of Oriental Studies of Al-Farabi KazNU. – Almaty – No. 1 (71) – P. 92-96

Tuleubaeva S.A. (2020) The meaning of existence is to find happiness (electronic resource <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-warsaw/press/article/details/17733?lang=ru> date of treatment September 1)

Tuleubaeva S.A.(2009) Muhsin Mahdi and critical reflection on the legacy of al-Farabi // Collection of materials from the conference "Fundamental and innovative problems of oriental education and science." – Almaty. (electronic resource: <https://articlekz.com/article/4920> date accessed: August 26, 2020)